

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 239 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде отын-энергетика кешені саласындағы сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жұмыстарды берушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қосымшада көрсетілген заңды тұлғалармен жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды;

2) жұмыстарды сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 5 сәуірдегі  
N 239 қаулысына

қосымша

**Отын-энергетика кешені саласындағы  
сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар  
жұмыстарды беруші заңды тұлғалардың тізбесі**

| Р/с<br>№ | Жұмыстарды<br>берушінің атауы                                           | Жұмыс берушінің<br>орналасқан жері | Жұмыстардың атауы                                                                                                                                                       |
|----------|-------------------------------------------------------------------------|------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1        | "Қазақстан Республикасының<br>Ұлттық ядролық орталығы"<br>республикалық |                                    | 2006 жылға арналған<br>023 "Арнайы бақылау<br>станцияларында<br>тіркелген ядролық<br>жарылыстар мен жер<br>сілкіністерінің<br>тарихи сейсмограм-<br>маларының мұрағатын |

|   |                                                                         |                                              |                                                                                                                                                                                  |
|---|-------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   | мемлекеттік<br>кәсіпорны                                                | Шығыс Қазақстан<br>облысы<br>Курчатов қаласы | қағаздағы жазбадан<br>электрондық тасымал-<br>даушыларға көшіру"<br>республикалық<br>бюджеттік бағдарла-<br>масына сәйкес іс-<br>шараларды орындау                               |
| 2 | "Қарағанды<br>шахтатарату"<br>республикалық<br>мемлекеттік<br>кәсіпорны | Қарағанды қаласы                             | 2006 жылға арналған<br>009 "Қарағанды көмір бассейнінің<br>шахталарын жабу"<br>республикалық<br>бюджеттік бағдарла-<br>масына сәйкес іс-шараларды орындау                        |
| 3 | "Уран -<br>кеніштарату"<br>республикалық<br>мемлекеттік<br>кәсіпорны    | Көкшетау қаласы                              | 2006 жылға арналған<br>008 "Уран кеніштерін<br>тұмшалау және жою,<br>техногендік қалдықтарды көму"<br>республикалық<br>бюджеттік бағдарла-<br>масына сәйкес іс-шараларды орындау |